23952272336

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 13 мамыр №7119-26-00-2/4173 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Тауекел» Жақсылық Мұхамеджанұлы Сапаров жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тауекел» Жақсылық Мұхамеджанұлы Сапаров жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Тауекел» Жақсылық Мұхамеджанұлы Сапаров жеке кәсіпкерден Астана қаласы әкімдігінің «Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны пайдасына 8 340 (сегіз мың үш жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 250 (екі жүз елу) теңге 20 тиын мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер «Тауекел» Жақсылық Мұхамеджанұлы Сапаров жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 13.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2026, судья Кусманова А. К., 23.06.2026

7119-26-3-1/3900